

Көсембай негізгі мектебiнiң
2022-2023 оқу жылының «вокал»
үйiрмесiнiң жылдық

Талдауы

2022-2023 оқу жылында вокал үйiрмесiнде бастауыш сыныптардан 12 бала, орта буыннан 12 бала, барлығы 24 бала қатысты. Бастауыш сыныпқа жылына 144 сағат, орта буынға 144 сағат берiлдi. Осыған байланысты үйiрменiң күнтiзбелiк тақырыптық жоспары құрылды. Бастауыш сыныпқа аптасына 4 сағат, орта буынға аптасына 4 сағат үйiрме жұмысы жүргiзiлдi. Үйiрме мақсаты: Бәсекеге қабiлеттi, заман ағымына iлесе алатын, өмiрге икемдi жеке тұлғаны қалыптастыру. Өзiнiң шығармашылық жұмысында жанаша оқытудың әдiс-тәсiлдерiн iздестiру, музыка пәнiнiң аумағында игерiлетiн бiлiм сапаларын арттыру, жалпы музыка мәдениетiн қалыптастыру және балалардың жеке ерекшелiктерi мен болмысын ескере отырып музыкадан жан-жақты бiлiм берудiң арнайы ерекшелiктерiн негiзге алу.

16 желтоқсан Тәуелсiздiк күнiне орай бастауыш сынып оқушылары арасында «патриоттық ән байқауы» өткiзiлдi. Аудандық Қадыр Мырза Әлi әндерi 3 орын, Қыдырбай Аян, Абай, Шәкәрiм әндерi Алпысбаева Ұлту 2 орын.

Оқушының шығармашылық қабiлеттерiн дамытуға байланысты, оқулықтарда берiлген тапсырмалардан басқа өздiгiнен бақылау жүргiзу, қарапайым тәжiрибе, эксперимент қою т.б. сияқты оқушыны iскерлiкке, дербестiкке баулитын, ойына түрткi болып шығармашылыққа жетелейтiн әдiс-тәсiлдер мен мазмұндық ойындар, қызықты тапсырмалар тұрақты жүргiзiп отырамын.